



Пайдалану бойынша нұсқаулық

FinePower ST-A0120 розеткалық таймері

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және құрылғыны одан әрі пайдалану кезінде оны материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының мақсаты

Бұл таймер энергия тұтынуды үнемдеу мақсатында тұрмыстық электр аспаптарын қосу-ажыратуды бақылауға, сондай-ақ тұтынушы тарапынан тікелей бақылаусыз құрылғылардың жұмысын автоматтандыруға арналған.

Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны тек үй-жайда қолданыңыз.
- Құрылғыны басқа тармақтағыштарға қоспаңыз.
- Құрылғыны ағынды судың астына қоймаңыз және оны толығымен суға батырмаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.
- Техникалық сипаттамаларда көрсетілген максималды жүктемеден асырмаңыз.
- Құрылғы 0-ден 55 °C-қа дейінгі температурада пайдалануға арналған.
- Көрінетін зақымданулары немесе жұмысында ақаулықтар болған жағдайда бұл құрылғыны пайдаланбаңыз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Құрылғысының схемасы



1. Дисплей.
2. Басқару тақтасы.
3. Розетка.

Басқару тақтасы




- «ДЕНЬ» (КҮНІ): таймерді қосу күнін немесе күндер тіркесімін орнату.
- «ЧАС» (САҒАТ): сағатты орнату.
- «МИН. (МИН.)»: минуттарды орнату.
- «УСТ./СБРОС» (ОРН./АРЫЛТУ): таймер бағдарламасын орнату/арылту.
- «ЧАСЫ» (САҒАТТАР): уақытты орнату.
- «ТАЙМЕР» (ТАЙМЕР): таймер бағдарламасын орнату.
- «ВКЛ./АВТО/ВЫКЛ.» (ҚОС./АВТО/ӨШІР.): таймер режимін таңдау.
- «СЛУЧАЙНЫЙ РЕЖИМ» (КЕЗДЕЙСОҚ РЕЖИМ): таймердің кездейсоқ режимін іске қосу.
- Индикатор «СБРОС» («АРЫЛТУ» индикаторы): «АРЫЛТУ» батырмасын басқанда жаңады.

Құрылғымен жұмыс істеу


Құрылғыны зарядтау

Құрылғының аккумуляторы қайта зарядтауға арналған. Егер таймерді сатып алу кезінде дисплейде ештеңе көрсетілмесе, бұл аккумулятордың заряды таусылғанын білдіреді. Таймерді розеткаға қосып, кем дегенде 15 минут зарядтаңыз. Осыдан кейін таймерді баптау үшін «ОРН./АРЫЛТУ» батырмасын басыңыз. Құрылғыны толық зарядтау үшін 4 сағат қажет.



Таймерді баптау

- Бағдарламаны таңдау және баптау үшін «ТАЙМЕР» батырмасын басыңыз. «ON/OFF» бағдарламаларын орнату (ҚОС./ӨШІР.): 1^{ON}, 1^{OFF}, 2^{ON}, 2^{OFF}, және 20 дейін т.с.
 - «ON» (ҚОС.) бағдарламасының көмегімен таймер жұмысының басталуын реттейсіз (қосу).
 - «OFF» (ӨШІР.) бағдарламасының көмегімен таймер жұмысының аяқталуын реттейсіз (өшіру).
- Таймерге сағат санын орнату үшін «ЧАС» (САҒАТ) батырмасын басыңыз.
- Таймерге минуттар санын орнату үшін «МИН.» (МИН.) батырмасын басыңыз.
- Күнді немесе күндер тіркесімін таңдау үшін «ДЕНЬ» (КҮНІ) батырмасын басыңыз. Сіз аптаның кез келген күнін таңдай аласыз. Мысалы, егер сіз «МО» (МО - дүйсенбі) таңдасаңыз, онда таймер әр дүйсенбіде іске қосылады. Егер «МО, WE, FR» таңдасаңыз, таймер дүйсенбі, сәрсенбі және жұмада іске қосылады.



Мысалы: таймерді 17:15-те қосып, күн сайын 22:30-да өшіру керек. Ол үшін:

- «ТАЙМЕР» (ТАЙМЕР) батырмасын бір рет басып, босатыңыз. Дисплейде 1^{ON} жанады.
- «ДЕНЬ» (КҮНІ) батырмасын басу арқылы таймердің жұмыс аптасының күнін / күндерін таңдаңыз.
- Таймердің жұмыс уақыты мен минуттарын «ЧАС» (САҒАТ) және «МИН.» (МИН.) батырмаларын басу арқылы реттеңіз.
- «ТАЙМЕР» (ТАЙМЕР) батырмасын қайтадан басып, босатыңыз. Дисплейде 1^{OFF} жанады.
- «OFF» (ӨШІР.) бағдарламасының аяқталу уақыты мен күнін баптау үшін жоғарыда аталған 1, 2 және 3-тармақтарды қайталаңыз.
- Таймер баптауларынан шығу үшін «ЧАСЫ» (САҒАТТАР) батырмасын басыңыз.

«ВКЛ./АВТО/ВЫКЛ.» (ҚОС./АВТО/ӨШІР.) режимдерін орнату

Бағдарламаны орнату кезінде жұмыс режимдерін өзгерту мүмкін емес. Үш режимнің бірін кезекпен таңдау үшін «ВКЛ./АВТО/ВЫКЛ. (ҚОС./АВТО/ӨШІР.) батырмасын басыңыз.

Бағдарламаларды тек «АВТО» (АВТО) режимінде орындауға болады. «АВТО» режимі таңдалған кезде, таймер берілген бағдарламаларға сәйкес жұмыс істейді. «ВКЛ.» (ҚОС.) немесе «ВЫКЛ.» (ӨШІР.) режимдерінде барлық бағдарламалар еленбейді және таймер жұмыс істемейді. «ВКЛ.» (ҚОС.) режимі таңдалған кезде таймер қарапайым розетка сияқты жұмыс істейді. «ВЫКЛ.» (ӨШІР.) режимі таңдалған кезде электр қуат көзі берілмейді. Режим «ВКЛ.» (ҚОС.) режимінен «АВТО» режиміне ауысқанда, таймерді келесі баптауға дейін таймер «ВКЛ.» (ҚОС.) баптауын сақтайды.

Кері санақ режимі

- Кері есепті орнату үшін «САФАТТАР» және «КЕЗДЕЙСОҚ РЕЖИМ» батырмаларын басыңыз.
- Берілген режимді қосу немесе өшіру үшін «ТАЙМЕР» батырмасын басыңыз (сәйкесінше «COUNTDOWN ON» және «COUNTDOWN OFF») және сағат пен минут параметрлеріне өтіңіз.
- Санау уақытын реттеу үшін «САҒ», «МИН» и «КҮН» батырмаларын басыңыз (сәйкесінше сағаттар, минуттар және секундтар).
- Кері санақты бастау немесе кідірту үшін «ҚОС./АВТО/ӨШІР.» батырмасын басыңыз.
- Шығу үшін «САФАТТАР» и «КЕЗДЕЙСОҚ РЕЖИМ» батырмаларын бір уақытта басыңыз.

Сағатты баптау

- Аптаның нақты күнін баптау үшін «ЧАСЫ» (САФАТТАР) батырмасын және «ДЕНЬ» (КҮНІ) батырмасын басып тұрыңыз.
- Сағат санын баптау үшін «ЧАСЫ» (САФАТТАР) батырмасын және «ЧАС» (САФАТ) батырмасын басып тұрыңыз.
- Минуттарды баптау үшін «ЧАСЫ» (САФАТТАР) және «МИН.» (МИН.) батырмаларын басып тұрыңыз.
- 12 сағаттық / 24 сағаттық уақытты көрсету режимін таңдау үшін «ЧАСЫ» (САФАТТАР) және «ТАЙМЕР» (ТАЙМЕР) батырмаларын басып тұрыңыз.
- Жазғы уақытқа ауысуды іске қосу / өшіру үшін «САФАТТАР» «ЧАСЫ» (САФАТТАР) және «ВКЛ./АВТО/ВЫКЛ.» (ҚОС./АВТО/ӨШІР.) батырмаларын басып тұрыңыз (осы функция іске қосылған кезде экранда «SUMMER» сөзі пайда болады).

Ескертпе: экрандағы АМ түнгі 00:00-ден күндізгі 12:00-ге дейінгі уақытты, РМ – күндізгі 12:00-ден 00:00-ге дейінгі уақытты білдіреді.



Кездейсоқ режим

Кездейсоқ режимде таймер бағдарламалар орнатқан уақыттан жарты сағат бұрын немесе одан кейін өздігінен қосылады және өшіріледі.

- Бұл режим тек автоматты режимде 18:00-ден 06:00-ге дейін қолжетімді.
- Кездейсоқ режимді іске қосу үшін «КЕЗДЕЙСОҚ РЕЖИМ» батырмасын басыңыз, осы режимді өшіргіңіз келсе, қайтадан басыңыз.

Ескерте: бұл функция қосылған кезде экранда «RANDOM» сөзі жанады.

- Кездейсоқ режим іске қосылған кезде таймер 18:00-ден таңғы 6:00-ге дейінгі уақыт аралығында 10-31 минут ішінде кездейсоқ түрде «ON» күйінде болады.
- Егер сіз бірнеше бағдарламаны орнатқыңыз келсе, алдыңғы бағдарламаны өшіру уақыты келесі бағдарламаны қосу уақытынан кем дегенде 31 минутқа кем екеніне көз жеткізіңіз.
- Бұл режимді бірінші бағдарламаны қосу уақытынан кем дегенде 30 минут бұрын іске қосыңыз.



Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: ST-A0120.
- Негізгі түсі: ақ.
- Кернеуі: 230 В.
- Номиналды ток: 16 А.
- Қосылудың максималды қуаты: 3680 Вт.
- Жұмыс жиілігі: 50 Гц.
- Корпус материалы: пластик.
- Аккумулятор: Ni-MH, 1.2 В.
- Баптаудың минималды уақыты: 1 мин.
- Баптаудың максималды уақыты: 7 тәул.
- Бағдарламалар саны: 20.
- СК-дисплей болуы: бар.
- Функциялары: құрылғының таймермен жұмыс істеуі.
- Қабықты қорғау дәрежесі: IP20.
- Электр тогының соғуынан қорғау класы: I

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электронды жабдықты қабылдау орнына тапсыруға жатады. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және лайықсыз қолдану жағдайында қоршаған орта мен адамдардың денсаулығы үшін орын алуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорынан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Нинбо Герслин Электрикал Текнолоджи Ко., Лтд.
3/F, Шуаньу тас жолы № 7, Моушань, Юйяо қ., Нинбо, Чжэцзян пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.н.
Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.5

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қою күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдіктік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет көрсету тауардың жиынтықтылығына кіретін төменде келтірілген керек-жарақтарға қолданылмайды, егер олардың ауыстырылуы бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пультіне) арналған қуаттау элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған жалғастырығыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштар, жиынтықта жеткізілетін (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі тасымалдағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ шектелмей), бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер, енгізу-шығарудың сыртқы құрылғылары және манипуляторлар.
- Тысқаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баусымдар, монтаждық керек-жарақтар, саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектері.

Өндірушінің келесі жағдайларда кепілдіктік міндеттемелері жоқ:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткенде.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктер үшін арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей арналуына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, қосу ережелерін (сондай-ақ сәйкес келмейтін желілік кернеудің бұйымның өзіне және онымен түйіндескен бұйымдарға әсер етуі нәтижесінде орын алған қысқа тұйықталу), бұйымды сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан бұйымның иелеріне және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген ықтимал материалдық, моральдік және өзге зиян үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: бұйымды пайдалану барысында орын алған кетіктер, жарықтар, деформациялар, соққылардың іздері, майысулар, жаншылулар және т.б.
- Бөтен түрлендірудің, осындай жұмыстарды жүргізу үшін өкілеттігі жоқ тұлғалармен рұқсат етілмеген жөндеудің іздері болғанда. Егер ақау бұйымның құрастырмасының немесе сызбасының өзгертілуінен, Өндірушімен көзделмеген сыртқы құрылғыларды қосудан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи апаттар, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, Өндірушіге тәуелсіз тұрмыстық факторлар және өзге жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөгде заттардың, бөтен денелердің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивтік ортаның, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаса.
- Бұйымның сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиян келтіретін бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің жоқтығына әкеліп соққан, БЖ жеткізушісімен осындай қызметті беру болмағандықтан оларды бастапқы қалпына келтіру/қалпына келтіру мүмкіндігісіз құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуаттаушы, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкессіздіктен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктеріне және өзге сыртқы факторларға, бұйымды желінің әсер ету шекарасында немесе аймағынан тыс пайдалануға байланысты туындаса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуаттау элементтерін, түрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарын (оның ішінде CD, DVD дисктері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қолданбалары және оған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және пайдаланудан туындаса.
- Осы бұйыммен түйіндесе жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.